

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 6, 12-т., 2025 жылғы «03» шілде.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлері салалық кәсіподағының кәсіподақ мүшелігіне
ынталандыру және жастарды кәсіподаққа тарту жөніндегі кешенді
бағдарламасы**

1. Кіріспе

Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру – бұл қызметкерлерді кәсіподаққа мүше болуға және кәсіподақ қозғалысына қатысуға итермелейтін ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығы.

Кәсіподақты тартымды ету үшін барлық мүмкіндіктер тиімді пайдаланылуы тиіс. Кәсіподақ өз мүшелерінің әлеуметтік және еңбек құқықтарын толық қорғау, кәсіби мүдделерін қамтамасыз ету, сонымен қатар кәсіподақ мүшелігін материалдық және моральдық тұрғыдан ынталандыру міндеттерін шешуі қажет.

Мотивация (ынталандыру) мәселесін шешу – бұл ең алдымен Салалық кәсіподақ құрылымдарының барлық бағыттағы жұмысын жандандыру.

Кәсіподақ қызметіндегі мотивациялық құрамдас бөлікке теріс әсер ететін негізгі факторлар мыналар (келесілер):

- кәсіподақтың қызметкерлер мүдделерін жұмыс берушілер алдында білдіру және қорғау мүмкіндігіне қызметкерлердің сенбеуі;
- сайланбалы кәсіподақ қызметкерлерінің әлсіз көшбасшылық ұстанымдары;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы кәсіподақ белсенділерінің жұмыс берушіге жоғары деңгейде тәуелді болуы;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының жиі ауысуы;
- кәсіподақты тек қызмет көрсететін ұйым ретінде қабылдайтын қызметкердің құқықтық санасының төмендігі;
- кәсіподақ мүшелері үшін қосымша артықшылықтардың жеткіліксіздігі;
- кәсіподақ бюджетіндегі қаражаттың кәсіподақ мүшелерінің мәселелерін шешуге жеткіліксіздігі;
- кәсіподақтың оң имиджін қалыптастыру мен мүшелердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бағытындағы кәсіподақ органдарының жұмысы туралы ақпараттық жұмыстың төмен деңгейі.

Салалық кәсіподақтың беделі мен қызметтік мүмкіндіктері оның мүшелерінің саны мен материалдық ресурстарына тікелей байланысты.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

2.1. Салалық кәсіподақ мүшелерінің санын арттыру, кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру, жаңа мүшелерді, соның ішінде жастарды тарту арқылы кәсіподақ ұйымдарын нығайту, олардың қоғамдағы беделі мен ықпалын арттыру.

2.2. Мотивациялық жұмысты жүзеге асырудың инновациялық тәсілдерін әзірлеу және енгізу, кәсіподақ мүшелігінің жай-күйіне әсер ететін объективті және субъективті факторларды зерттеу.

2.3. Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалары қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда кәсіподақ органдары жұмысының тиімділігін арттыру.

2.4. Жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру, кәсіподақ қозғалысына жастарды тарту арқылы кәсіподақ мүшелерінің санын көбейту.

2.5. Түрлі санаттағы қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін кәсіподақты тартымды ететін оң имиджін қалыптастыру.

2.6. Кәсіподақтардың қаржылық жағдайын нығайту есебінен кәсіподақ мүшелеріне қосымша құқықтық және әлеуметтік қызметтер көлемін кеңейту.

2.7. Кәсіподақ ұйымдарының барлық деңгейлеріндегі сайланбалы алқалы органдар мен басшылардың кәсіби деңгейін, құзыреттілігін және қабылдайтын шешімдерге жауапкершілігін арттыру.

2.8. Ақпараттық және үгіт-насихат жұмыстарын, кәсіподақ мүшелерінің кәсіподақ қызметі туралы хабардарлығын арттыру, қолда бар ақпараттық ресурстарды толық пайдалану.

2.9. Кәсіподақ мүшелігін ынталандыру бойынша барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары қызметінің мониторингісін жүргізу, озық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату.

2.10. Жұмыс берушілерді кәсіподақ ұйымдарымен ынтымақтастыққа ынталандыратын, әлеуметтік әріптестікті жандандыратын іс-шараларды өткізу.

Қызметтің негізгі бағыттары

3. Ұйымдастыру жұмысы

3.1. Ұйымдардағы кәсіподақ мүшелігінің жай-күйіне талдау жүргізу, тиісті кәсіподақ ұйымының өкілетті алқалы органдарының отырыстарында мотивацияны күшейту шараларын қарастыру, кәсіподақ ұйымдары құрылмаған еңбек ұжымдарының дерекқорын жасау және сол ұжымдарда кәсіподақ құрылымдарын құру мүмкіндіктерін талдау (анализ жасау).

3.2. Қызметкерлерді кәсіподаққа тарту, кәсіподақ ұйымдарын құру және нығайту, жастарды тарту жөніндегі практикалық жұмысты ұйымдастыру.

3.3. Кәсіподақ мүшелігін ынталандыру және жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру бойынша әдістемелік һәм үгіт-насихат материалдарын әзірлеп тарату.

3.4. Кәсіподақтың Орталық комитеті мен мүшелік ұйымдардың сайланбалы басшылары мен аппарат қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымдарына тұрақты түрде барып, кәсіподақ қозғалысының мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру, сондай-ақ практикалық көмек көрсету.

3.5. Мүшелік ұйымдарда кәсіподаққа мүше болуға ынталандыру және жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру.

3.6. Қызметкерлерді кәсіподаққа тарту бойынша төменгі буын құрылымдары (аудандық, қалалық комитеттер), бастауыш кәсіподақ ұйымдары жұмысының үйлестірілуі, жинақталған мотивациялық тәжірибені талдап, оны кеңінен тарату.

Мүшелік ұйымдарға ұсынылатын негізгі іс-шаралар тізбесі:

✓ Жұмыс беруші ұйымдарды қайта ұйымдастыру кезінде жұмыскерлердің кәсіподақ мүшелігін сақтау бойынша ұйымдастырушылық сипаттағы шараларды қабылдау.

✓ Кәсіподақ жұмысының өзекті мәселелері бойынша кәсіподақ активінің жиналыстарын өткізу.

✓ Кәсіподақ жұмысына назар аудартудың тиімді жолы ретінде кәсіподақтың нақты нәтижеге бағытталған белсенді ынтымақ акцияларын өткізу.

✓ Кәсіподақ құрылымдары құрылмаған еңбек ұжымдарының өкілдері мен ұйым басшыларын Салалық кәсіподақ пен мүшелік ұйымдардың іс-шараларына қатыстыру.

✓ Кәсіподаққа мүше емес қызметкерлердің кәсіподақтың арқасында қол жеткізген кепілдіктерін, өтемақыларын, жеңілдіктерін пайдалануды болдырмауға бағытталған шаралар қабылдау.

✓ Еңбек заңнамасы, әлеуметтік әріптестік, еңбек қауіпсіздігі және кәсіподақ жұмысының дағдылары, соның ішінде мотивациялық жұмыс тақырыптары бойынша кәсіподақ белсенділерін (активін) оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер және басқа форматтар арқылы оқыту.

✓ Кәсіподақ мүшелерінің санын арттыруға қол жеткізген кәсіподақ ұйымдары төрағаларын ынталандыру және марапаттау шараларын әзірлеу.

✓ Кәсіподақтың оң имиджін қалыптастыруға бағытталған байқаулар, жарыстар, шолулар және басқа іс-шараларды өткізу.

✓ Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру бойынша кешенді шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, халық арасында кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасылары үшін қарастырылған жеңілдіктер мен өтемақыларды ескере отырып, сауықтыру мүмкіндіктері туралы ақпарат тарату.

✓ Кәсіподақ мүшелері мен олардың балалары үшін мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

4. Құқықтық жұмыс

4.1. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарындағы құқықтық қызметті одан әрі нығайту және дамыту. Құқық қорғау қызметін кәсіподақ жұмысының басым бағыты, кәсіподақ мүшелігін ынталандырудың негізгі тетігі ретінде қарастыру.

4.2. Еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік кепілдіктерді қолданыстағы заңнамадан жоғары деңгейде қамтамасыз ететін ұжымдық шарттар мен әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер бойынша келіссөздер жүргізу және жасасу, ұжымдық шарттардың талаптарын кәсіподақ мүшелеріне қолдану.

4.3. Ұжымдық шарттарға еңбекке ақы төлеу, еңбек қауіпсіздігі және қосымша әлеуметтік пакет бойынша ережелерді енгізу.

4.4. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ мүшелеріне құқықтық кеңес беру және практикалық көмек көрсету.

4.5. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын сақтауын, әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер мен ұжымдық шарттардың орындалуын қоғамдық бақылау бойынша мүшелік ұйымдардың жұмысын жандандыру.

4.6. Құқықтық тақырыптар бойынша кәсіподақ белсенділеріне (активіне) арналған семинарлар, дәрістер және өзге де оқыту түрлерін ұйымдастыру және өткізу.

4.7. Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларында және соттарда қорғау жұмысын күшейту.

4.8. Еңбек қатынастарына байланысты өзекті мәселелер бойынша әдістемелік материалдар мен түсіндірмелерді әзірлеу және тарату.

4.9. Қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау бойынша атқарылған жұмыстар туралы кәсіподақ белсенділері (активі) мен жұртшылықты ақпараттандыру.

5. Жастармен жұмыс

5.1. Мүшелік ұйымдарда жастар кеңестерін құру және олардың жұмысын жандандыру.

5.2. Еңбек етіп жүрген жастармен кәсіподаққа тарту, кәсіподақ ұйымдарын құру, жастарды барлық деңгейдегі кәсіподақ құрылымдарының жұмысына қатыстыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу.

5.3. Кәсіподақ мүшелігіндегі жастар қатарынан кәсіподақ кадрлық резервін жасақтау.

5.4. Жастарды кәсіподаққа тарту мақсатында жастар кәсіподақ белсенділерін оқыту, түрлі оқыту түрлерін ұйымдастыру, жазғы демалыс және оқыту лагерьлерін, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, дәрістер және басқа да шаралар өткізу.

5.5. Жастардың кәсіподақ ұйымдарындағы жұмыс арқылы өзін-өзі дамытуына, әлеуетін іске асыруына жағдай жасау.

5.6. Жастарды кәсіподаққа тартуда белсенділік танытқан жас кәсіподақ белсенділерін марапаттаудың жүйесін ұйымдастыру (мақтау қағаздары, алғыс хаттар, бағалы сыйлықтар және т.б.).

6. Мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен және олардың бірлестіктерімен әлеуметтік әріптестік аясындағы жұмыс

6.1. Әлеуметтік әріптестікті іскерлік, тең құқылы қарым-қатынас негізінде дамыту, кәсіподақ мүшелері мен сайланбалы кәсіподақ органдары үшін қолданыстағы заңнамада қарастырылғаннан да жоғары деңгейдегі әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ететін ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасу.

6.2. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссиялар құрамында мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды дамыту.

6.3. Кәсіподақ өкілдерін стратегиялық даму құжаттарының жобаларын, нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін жұмыс топтарының құрамына енгізу арқылы түрлі деңгейдегі өкілді және атқарушы билік органдары жанындағы процестерге қатыстыру.

6.4. Салалық және өңірлік салалық келісімдер бойынша келіссөздер жүргізу және оларды облыс деңгейінде жасасу.

6.5. Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалары қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар дайындап, өкілді және атқарушы билік органдарына енгізу.

6.6. Бюджеттердің барлық деңгейінде әлеуметтік бағыттылықты күшейтуге қатысты ұсыныстар енгізу.

6.7. Кәсіподақ ұйымдарының өкілдік мемлекеттік билік органдарына депутаттар сайлауына қатысуы.

6.8. Кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейтін мекемелерде жалақыны уақытылы төлеу және оның деңгейі бойынша тұрақты мониторинг жүргізу.

6.9. Жалақыны көтеру, тұтыну қоржыны мен ең төменгі күнкөріс деңгейін ұлғайту, зейнетақыларды арттыру, лайықты әлеуметтік стандарттарға қол жеткізу жолында жүйелі күрес жүргізу.

7. Ақпараттық жұмыс

7.1. Кәсіподақтың жетістіктері туралы белсенді ақпараттық саясат жүргізу. Кәсіподақ ұйымдарының барлық бағыттағы қызметін, соның ішінде қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жұмысын электронды және баспа БАҚ арқылы кеңінен жариялау.

7.2. Кәсіподақ органдары мен кәсіподақ мүшелері арасында ақпаратты уақтылы жеткізу және алмасу тетіктерін әзірлеу, Орталық комитет пен мүшелік ұйымдардың қызметі туралы толыққанды ақпаратты әрбір кәсіподақ мүшесіне жеткізу.

7.3. Кәсіподақтардың еңбек ұжымдарындағы рөлін, беделі мен ықпалын айқындайтын социологиялық сауалнамалар жүргізу.

7.4. Кәсіподақ мүшелігін ынталандыру, жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру, қызметкерлерге кәсіподақтың мақсаттары мен артықшылықтары туралы ақпарат беру жөніндегі әдістемелік, үгіт-

насихаттық және басқа материалдарды (кәсіподақ символикасы бар жарнамалық өнімдер, буклеттер, күнтізбелер, төсбелгілер және т.б.) әзірлеу және тарату.

7.5. Орталық комитет пен мүшелік ұйымдардың ресми сайттарын, мобильдік қосымшасын және кәсіподақтардың әлеуметтік желілердегі аккаунттарын насихаттау.

7.6. Салалық кәсіподақтың әрбір мүшелік ұйымында ақпараттық жұмысқа жауапты мамандарды даярлау.

8. Кешенді бағдарламаның нысаналы нәтижелері

8.1. Кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ ұйымдарының санын арттыру.

8.2. Кәсіподақ мүшелігін ынталандыру жұмысына кәсіподақ органдары басшылары мен кәсіподақ белсенділерінің жауапкершілігін арттыру.

8.3. Салалық кәсіподақ қозғалысының рөлі мен беделін күшейту.